

## Қостанай облысы Әуликөл ауданы Первомай ауылының аумағында шектеу іс-шараларын тоқтату туралы

Қостанай облысы Әуликөл ауданы Первомай селосы әкімінің 2017 жылғы 14 ақпандағы № 1 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 23 ақпанда № 6838 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2011 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 35 бабына, "Ветеринария туралы" 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-1 бабы 8) тармақшасына сәйкес және "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Әуликөл аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі басшысы міндетін атқарушысының 2017 жылғы 10 қаңтардағы № 10 ұсынысы негізінде Первомай ауылының әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қостанай облысы Әуликөл ауданы Первомай ауылының аумағында ірі қара малдың бруцеллез бойынша шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Первомай ауылы әкімінің 2016 жылғы 26 қыркүйектегі № 1 "Қостанай облысы Әуликөл ауданы Первомай ауылының аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімінің күші жойылды деп танылсын (Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде № 6638 болып тіркелген, "Әуликөл" газетінде 2016 жылғы 13 қазанда жарияланған).

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2017 жылдың 12 қаңтарынан бастап туындаған қатынастарға таратылады.

*Первомай ауылының әкімі*

*Д. Тлемісов*

КЕЛІСІЛДІ

"Әуликөл ауданы әкімдігінің  
ветеринария бөлімі" мемлекеттік  
мекемесі басшысының міндетін  
атқарушы

\_\_\_\_\_ Жасанбаев Н. М.

КЕЛІСІЛДІ

"Қазақстан Республикасы Ауыл  
шаруашылығы министрлігі

Ветеринариялық бақылау және  
қадағалау комитетінің Әуликөл  
аудандық аумақтық инспекциясы"  
мемлекеттік мекемесінің басшысы  
\_\_\_\_\_ Тайшибаев А. Т.

КЕЛІСІЛДІ

"Қазақстан Республикасы Ұлттық  
экономика министрлігі  
Тұтынушылардың құқықтарын  
қорғау комитетінің Қостанай облысы  
тұтынушылардың құқықтарын қорғау  
департаментінің Әуликөл аудандық  
тұтынушылардың құқықтарын қорғау  
басқармасы" республикалық  
мемлекеттік мекемесінің басшысы  
\_\_\_\_\_ Дуйсенов Е. Г.